

2022 жылда «Мектепке жол» Республикалық акциясын өткізу Тұжырымдамасы

2022 жылы «Мектепке жол» Республикалық акциясы (бұдан әрі – Акция) балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 19 қаңтардағы №780 Жарлығымен жарияланған Балалар жылын іске асыру шеңберінде өткізіледі.

Акцияның ұраны: Мектепке жол-Шекарасыз жақсылық.

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке дайындауда атаулы көмек көрсетуде азаматтық белсенділік таныта алады, оның мектепке жолы қуанышты болуы үшін әрбір балаға шынайы қамқорлық пен назар аудара алады.

Акцияның мақсаты-аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.

Акцияның басталуы 2022 жылдың 1 тамызынан, аяқталуы - 2022 жылдың 30 қыркүйегінде.

Акцияны өткізу негізі:

1) Бала құқықтары туралы Конвенция (26-бап 1. Қатысушы мемлекеттер әрбір баланың әлеуметтік сақтандыруды қоса алғанда, әлеуметтік қамсыздандыру игіліктерін пайдалану құқығын мойындайды және осы құқықты олардың ұлттық заңнамасына сәйкес толық жүзеге асыруға қол жеткізу үшін қажетті шараларды қабылдайды. 2. Бұл игіліктер қажеттілігіне қарай баланың және баланы күтіп-бағуға жауапты адамдардың қолда бар ресурстары мен мүмкіндіктері, сондай-ақ баланың немесе оның атынан игіліктер алуға байланысты кез келген пайымдар ескеріле отырып беріледі);

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт «Сапалы білім беру» ұлттық жобасын іске асырудың жоспар-кестесі (2-міндет «Орта білім беру сапасын арттыру: Қазақстанның өңірлері, қалалық және ауылдық мектептері (PISA) арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты қысқарту», 2-бағыт «Орта білім беру»)

3) БҰҰ Бала құқықтары жөніндегі комитетінің Қазақстанның төртінші кезеңдік баяндамасы бойынша қорытынды ұсынымдары (Женева

қ., 2015 жылғы 16-17 қыркүйек, 13-ұсыным "Комитет қатысушы мемлекетке балалардың, атап айтқанда маргиналданған және қолайсыз жағдайдағы балалардың қажеттіліктеріне бөлінетін қаражатты транспарентті көрсете отырып, баланың құқықтарын есепке алуды қамтамасыз ететін бюджеттік процесті енгізуді ұсынады. секторлар мен мекемелер, соның ішінде нақты көрсеткіштер мен қадағалау жүйесі);

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 наурыздағы № 148 қаулысымен бекітілген Балалар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының 17, 21-тармақтары.

Акцияны ұйымдастырушылар:

1) ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті;

2) Облыстардың, Нұрсұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері;

3) Білім басқармалары;

4) Бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілдер;

5) Орта білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы Департаменттер;

6) Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі аумақтық комиссиялардың хатшылары, басқа да мүдделі тараптар кіреді.

Акцияны ұйымдастырушылар өз қаласының барлық азаматтарына, бизнесмендерге, кәсіпкерлерге, меценаттарға акцияға қосылу және өмірлік қиын жағдайда отбасылар мен балаларға көмек көрсетуге өз үлесін қосу ұсынысымен жүгінеді.

Акцияның негізгі бағыттары:

1) ұйымдастыру-гуманитарлық;

2) ақпараттық - насихаттық

Ұйымдастыру-гуманитарлық бағыт мыналарды қамтиды:

- акцияны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеттерін немесе штабтарын құру;

- өңірлік іс-шаралар жоспарларын бекіту;

- мектеп жасындағы балаларды оқытумен қамтамасыз ету мәселелері бойынша білім бөлімдерінің мамандары үшін кеңестер өткізу;

- рейдтер өткізу;

- қайырымдылық акциялары мен мектеп жәрмеңкелерін өткізу; мектеп формасы құнының мониторингін жүргізу;

- шалғай елді мекендерге барып мектеп тауарларының жәрмеңкелерін ұйымдастыру;

- қауіп тобындағы балаларды анықтау бойынша іс-шаралар *(білім басқармаларының сайттарында халыққа сауалнама және ақпараттық акция жүргізу «Сіздің балаңыз мектепке дайын ба?» білім алушылардың жаңа жиынтығын ескере отырып, мектептердің әлеуметтік паспортын қалыптастыру; көмекке мұқтаж балалардың деректер банкіні қалыптастыру);*

- азаматтардың өтініштеріне жедел әрекет ету үшін білім беру ұйымдарындағы «Жедел желілердің», «Сенім» телефондарының, қоғамдық қабылдаулардың үздіксіз жұмысын ұйымдастыру; т. б.

Ақпараттық-насихаттау бағыты мыналарды қамтиды:

- халықты ақпараттандыру, сондай-ақ акцияға қатысуға әлеуетті демеушілерді тарту мақсатында акция өткізу туралы кең ауқымды PR-кампанияны ұйымдастыру;

- теле-және радиосюжеттерді, жүгіртпе жолдарды, баспа мақалаларды жасау және трансляциялау (жариялау), ақпараттық бұрыштар, баннерлер, плакаттар орнату, үнпарақтар, буклеттер тарату және т. б. арқылы БАҚ-та «Мектепке жол» Республикалық акциясын өткізуге дайындық барысын жариялау;

- БАҚ-та іс-шаралар барысын жариялау;

- ірі өндірістік компанияларға, шағын және орта бизнес ұйымдарына осы акцияға қатысу туралы өтініш жолдау;

- жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде бағаның айтарлықтай төмендеуі туралы мектеп өнімдерін (форма, кеңсе тауарлары және т. б.) сататын кәсіпкерлерге үндеу жолдау және т. б.